

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитеттің мәжілісі**

№4 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

14.12.2023 ж.

Қатысқандар:

АК төрағасы:

1.Меирбекова О.Д. - Электр инженериясы кафедрасы, ага оқытушы

АК мүшелері:

2.	Агабекова Актолқын Бекарысовна	- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а.
3.	Калимбетова Жансая Сейдахановна	- Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы
4.	Исабеков Жәнібек Назарбекұлы	- Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а.
5.	Бабахан Шохрух Абдилқасымұлы	- Электр инженериясы кафедрасы, ага оқытушы
6.	Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич	- «КТЗ» АҚның басқарма төрағасы
7.	Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы	- МӘЭ-211 тобының 2 курс магистранты
8.	Ордабек Аяулым Бағдатқызы	- АЭЭ-011 тобының 4 курс білім алушысы

Қатыспағандар: жок

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ аудит жүргізу.
2. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін беру.
3. Болон жүйесіне байланысты ББ бойынша бекітілген силлабустар тізімін ұсыну.
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тындалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК тәрайымы О.Д.Меирбекова: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: Бакалавр деңгейіндегі ББ аудит жүргізу мәселесі, Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін беру, Болон жүйесіне байланысты ББ бойынша бекітілген силлабустар тізімін ұсыну және желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

АК мүшесі, Калимбетова Ж.С. бірінші мәселе бойынша: Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін бакалавр ішкі аудит жүргізілді. 6B07153-«Электр энергетикасы» ББ-да 87 білім алушы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ-да 45 білім алушы білім алыш жатыр. Білім алушыларың 113-і грант, 2-і TTE грант, 2-і Түркия гранты, 14-і ақылы оқиды. Студенттер контингентін қалыптастыруда бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау, жаңа экономика талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын өзектендіру, оку жоспарларында кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға бағытталған пәндердің болуы және ірі компаниялардың өкілдерін оку процесіне тарту мәселелері қарастырылуда. Кафедраның белгіленген басым бағыттары негізгінде ішкі және сыртқы факторларды сәйкестендіру барысында ББ-на SWOT талдау жүргізілуде. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін ББ бағдарламаларын жаңарту процесі журіп жатыр. 6B07154 – Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасы бойынша білім беру

бағдарламасын талдау, білім беру бағдарламасының мақсатын айқындау, түлек моделінің сипаттамасын, оқыту нәтижелері (ОН), кәсіптік қызметтің объектілері мен түрлерін анықтау мәселелері қарастырылада. Білім беру нәтижелерін анықтаудың заманауи тәсілдері, мониторинг ұйымдастыруға арналған жұмыстар жүргізілуде. Сонымен катар, Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс жасалып, практика өту орындарымен келісім-шарт жасалуда.

АК мүшесі, Агабекова А.Б. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:
Аkkредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін беру.

Қолданыстағы кафедраға қарасты екі ББ, яғни 6B07153-«Электр энергетикасы» ББ және 6B07154-Автоматтандыру және басқару 2023-2024 оку жылында аккредитациядан өтеді. 6B07153-«Электр энергетикасы» және 6B07154-Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебін жасау барысында жұмыс тобы объективтілік, жүйелілік, сандық және салыстырмалы талдау әдістерін, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерден алғынған барлық материалдарды жинақтауды басшылыққа ала отырып есебін жасап шықты. Есепте білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару, студентке бағдарланған оқыту, оқыту және бағалау, студенттерді қабылдау, ұлгерім, тану және сертификаттау, профессорлық-оқытушылық құрам, оку ресурстары және студенттерді қолдау, жүртшылықты ақпараттандыру және тұракты мониторинг және білім беру ұйымдарын мерзімді бағалау бағдарламаларды стандарттары бойынша жасалды. Барлық стандарттар ББ-на қатысты мәліметтермен толық қамтылды.

АК мүшесі, Бабахан Ш.А.: Қолданыстағы екі ББ бойынша өзін-өзі бағалау есебін жасалды, есепке қажетті барлық қосыншалар қамтылды, кафедраның академиялық комитеттің мүшелері, жалпы ОПК түтелімен атсалысты. Өзін-өзі бағалау есебі жоғары деңгейде жасалды деп айтуда болады.

АК мүшесі Исабеков Ж.Н. үшінші мәселе бойынша сез алды: 3. Болон жүйесіне байланысты ББ бойынша бекітілген силлабустар тізімін ұсыну. 2010 жылғы наурыз айында Қазақстан ресми түрде Bolon декларациясына қосылылған болатын. Bolon процесінде қосылған соң Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болды. Қазақстандық жоғары оку орындарының қазіргі таңда әлемнің 650 университеті қол қойған Университеттердің Ұлы Хартиясына қосылуы орын алды. Бұл отандық білім беруді европа стандарттарына жақыннатуға мүмкіндік береді. Жоғары оку орындарының оку процесінде озық технологиялар мен оқыту жүйелері енгізілді: барлық жоғары оку орындарына оқытудың кредиттік технологиясы енгізілді, 38-інде қос дипломды білім беру, 42-інде қашықтықтан оқыту жүзеге асырылады. Дублин декриматорларына сәйкес модульдік білім беру бағдарламаларын, силлабустарды әзірлеу жүзеге асырылада, Ұлттық біліктілік шенбері құрылды. Студенттердің академиялық ұтқырлығы аясында сынақтық бірліктерді қайта есептеу негізіне ECTS (European Credit Transfer System) қабылданды. Сапаны қамтамасыз етудің ЖОО-ішілік жүйесін ендіру және ЖОО-ның қызметін сыртқы бағалауға студенттер мен жұмыс берушілерді тарту жүзеге асырылып, жұмыс берушілер мен студенттер қатарынан сарапшылардың кеңейтілген базасы құрылада. Кәсіптік білімге заманауи көзқарастың негізгі ерекшелігі оның үздіксіздігі, біліктілікті тұракты түрде жетілдірудің мәселелері қарастырылада. Осы орайда, кафедрага қарасты ББ бойынша Bolon жүйесіне байланысты барлық құжаттар толығымен жасалуда, оның ішінде ББ силлабустары үш тілге аударылып, auy.edu.kz сайтына салынды. ББ-ның мазмұны, онда оқытылатын пәндер әлемнің кез-келген білім алушысына қолжетімді болуы керек. Bolon жүйесін әрі қарай жетілдіруде кафедрада көптеген жұмыстар жасалып жатқандығын айтқым келеді.

АК мүшесі Худайбергенов Б. Құрметті АК мүшелері желтоқсан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ аудит жүргізу мәселесі, Аkkредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, Bolon

жүйесіне байланысты ББ бойынша бекітілген силлабустар тізімі ұсынысы, жалпы жасалып жатқан барлық жұмыстар өз дәнгейінде орындалып жатқындығын айтқым келеді.

Шешім: «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша бакалавр дәнгейіндегі ББ аудит жүргізу мәселесі қаралды, есеп берілді. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі берілді, Болон жүйесіне байланысты ББ бойынша бекітілген силлабустар тізімін ұсынылды және қараша айында атқарылған ішшаралар қабылдансын.

6B071 Инженерия және инженерлік іс

даярлау бағыты бойынша

Академиялық комитет төрағасы:

О.Д.Меирбекова